

ӘОЖ 341.7

## **ТРАНСҰЛТТЫҚ КОРПОРАЦИЯЛАРДЫҢ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚОРҒАЛУЫ**

**Қытайбекова Айгерім Қабыланқызы**

*Aigera\_23.98@mail.ru*

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан  
Халықаралық құқық мамандығы ХҚК-31 тобының студенті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші Сейдеш Б.Б

Қазіргі уақытта дипломатиялық қорғауға қатысты халықаралық құқық нормалары кодификацияланбаған, бірақ оларды кодификациялау жөніндегі жұмысты Біріккен Ұлттар Ұйымының (бұдан әрі – БҰҰ) комиссиясы жүргізеді. Олармен бірқатар мақалалар әзірленген, оларды атап айтқанда: дипломатиялық қорғауға анықтама, оны берудің тәртібі мен шарттары, оны алуға үміткер адамдар тобын анықтау, сондай-ақ дипломатиялық қорғауға жататын өзге де мәселелер регламенттелген [6].

БҰҰ келіссөздері кезінде «трансұлттық корпорация» (бұдан әрі – ТҰК) термині монополияны шектеу мәселесі бойынша ымыраласу ретінде пайда болды. БҰҰ анықтамасы бойынша, Трансұлттық корпорациялар – бұл бірнеше елде жұмыс істейтін халықаралық фирмалар және осы корпорацияларды басқару бір немесе бірнеше орталықтардан жүзеге асырылады. Халықаралық құқық тұрғысынан Трансұлттық корпорациялардың құқықтық мәртебесін сипаттау үшін дипломатиялық қорғаудың ерекше маңызы бар.

В. В. Епифановтың пікірінше: «дипломатиялық қорғау бір мемлекеттің басқа мемлекетке талап қоюы, соңғысы халықаралық құқық нормаларын бұзып, талапкер мемлекеттің азаматтығы (ұлты) бар тұлғаға (жеке немесе

заңды) залал келтіруі және бұл залал жауапкер мемлекеттің құқықтық ішкі құралдарымен өтелмеуі» [4].

Бастапқыда дипломатиялық қорғау институты тек жеке тұлғаларға қатысты болды, бірақ кейін заңды тұлғаларға да тарала бастады. 1950-1960 жылдары көп ұлтты кәсіпорындарды дипломатиялық қорғауы мемлекеттерді отарлық тәуелділіктен босатып және өз аумағында шетел меншігін мемлекет меншігіне алуға кірісуден дами бастады. Демек, халықаралық құқық көп ұлтты кәсіпорындарды дипломатиялық қорғау құқығын мемлекеттер үшін мойындау жағына қарай дамытты. БҰҰ-ның Barcelona Traction ісі жөніндегі Халықаралық сотының материалдарында судья Ф. Джессеп: «халықаралық құқыққа сәйкес мемлекет өзінің дипломатиялық қорғанысын ұлты немесе ұлттық тиістілігі бар корпорацияға таратуға құқығы бар» [5, б.143].

Дипломатиялық қорғау жеткілікті дәрежеде тиімді жүзеге асырылмады және дамушы елдер өз мүдделерін қорғау үшін белгілі бір іс-қимыл жасауға мәжбүр болды. Атап айтқанда, мазмұны екі негізгі ережелерге негізделген Кальво Доктринасына жүгіну:

1. қабылдаушы мемлекетке қатысты шетелдік тұлғалардың талаптарын тек осы мемлекеттің соттары ғана шешуге тиіс;

2. шетелдік адамдар тұратын мемлекеттердің өздеріне қатысты дипломатиялық қорғау құқықтары жоқ, ал аталған адамдарға өз азаматтарына қандай құқықтар берілсе, оларға да сондай құқықтар беріледі.

Бұл доктрина бірқатар дамушы елдердің ішкі заңнамасында өз көрінісін тапты.

Мемлекеттердің трансұлттық корпорацияларына (ТҰК) қатысты дипломатиялық қорғауды жүзеге асыру мүмкіндігі 1967 жылғы 19 наурыздағы «Консулдық қатынастар және факультативтік хаттамалар туралы» Вена конвенциясының 5-бабының «а» тармағында бекітілген: «өкілдігін жіберген мемлекеттің және оның азаматтарының (жеке және заңды тұлғалардың) мүдделерін халықаралық құқықтармен рұқсат етілген шектерде қорғау» [2].

Дипломатиялық қорғау мемлекеттің міндеті емес, оның құқығы болып табылатынын атап өту қажет. Осыған орай, бір жағынан мемлекет осы құқықты қолданудан бас тарта алады, екінші жағынан ол ешбір келісімінсіз де құқықтық қорғау шараларын қабылдауды, атап айтқанда дипломатиялық қорғау құқығын пайдалануды шеше алады.

Даулы жағдайларды шешу кезінде заңды тұлғаның қай ұлтқа жататынын анықтау мәселесі туындайды. БҰҰ Халықаралық соты осы Трансұлттық корпорацияларды (ТҰК) инкорпорацияланған және аумағында

тіркелген мемлекеттің дипломатиялық қорғалуына құқық береді. ТҰК мен мемлекет арасында тұрақты және тығыз байланыс болуы керек.

Халықаралық құқық теориясында дипломатиялық қорғаудың мәнін ашатын үш ғылыми тұжырымдама бар:

1. Классикалық концепция швейцарлық заңгер және дипломат Эмер де Ваттель ұсынған. Ол адамға шет мемлекет келтірген залалды өтеуді талап ету құқығы адамның азаматтығы (ұлты) тиесілі мемлекетке ғана тиесілі және бұл құқықты өз қалауы бойынша пайдаланады дегенді білдіреді.

2. Объективтілік тұжырымдамаға сәйкес жауапкер мемлекеттің құқыққа қарсы актісінің нәтижесінде мемлекетке емес, адамға ғана зиян келтіріледі. Зиянды өтеуді талап ету құқығына зиян келтірілген адамға тиесілі. Бұл жағдайда мемлекет субъектісінің игілігі үшін әрекет ететін уәкілетті ғана болып табылады. Мемлекет өзіне тән ешқандай құқықты пайдаланбайды және оның араласуы адамдардың Халықаралық талап қою мүмкіндіктері болмауына байланысты ғана қажет. Объективті тұжырымдама көп жағдайда дипломатиялық қорғауды жүзеге асыру жөніндегі халықаралық практикадан бастау алады.

3. Аралас тұжырымдама белгілі бір дәрежеде алғашқы екі тұжырымдаманы, классикалық және объективтілікті біріктіреді. Оның Тараптары құқыққа қарсы акт адамға да, адамның азаматтық (ұлттық) қатыстылығы мемлекетке де зиян келтіреді деп санайды және зиянды өтеуді талап ету құқығы сол адамға да, мемлекетке де тиесілі.

БҰҰ Халықаралық соты ТҰК дипломатиялық қорғау саласындағы халықаралық тәжірибеде туындайтын дауларды шешу кезінде бірінші, атап айтқанда классикалық тұжырымдаманы ұстанады.

Теорияда дипломатиялық қорғауды жалпы ТҰК ұсына алмайтындығы, ал ол белгілі бір мемлекетте тіркелген оның жекелеген бөлімшелеріне бағытталатыны жөнінде пікір бар. Бұл ТҰК тұтастай алғанда бір мемлекеттің юрисдикциясына ие еместігімен және халықаралық құқық шеңберінде юрисдикцияға жатпайтындығымен расталады.

Италиялық заңгер Ф. Франчиони мемлекет пен ТҰК арасындағы бірқатар себептерге байланысты саяси-заңдық бақылау қалыптасты деп санайды. ТҰК-ның дипломатиялық қорғаушысы ретінде тек халықаралық деңгейде бақылауды жүзеге асыруға және ТҰК-ның қызметін болдырмауға қабілетті мемлекет қана бола алады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Богуславский М.М. Международное частное право. М.: Юристъ, 2005. С. 604
2. Венская Конвенция от 19 марта 1967 года «О консульских сношениях и факультативные протоколы». [Электронный ресурс] // <http://docs.cntd.ru/document/1901943> (дата обращения: 09.11.2017)
3. Доклад Комиссии международного права о работе ее пятьдесят шестой сессии. 3 мая – 4 июня и 5 июля – 6 августа 2004 года. Пятый доклад по вопросу о дипломатической защите, подготовленный специальным докладчиком г-ном Джоном Дугардом. A/CN.4/538 2004 г. [Электронный ресурс] // [http://legal.un.org/ilc/publications/yearbooks/russian/ilc\\_2004\\_v2\\_r2.pdf](http://legal.un.org/ilc/publications/yearbooks/russian/ilc_2004_v2_r2.pdf) (дата обращения: 10.11.2017г.)
4. Епифанов В.В. Правовые аспекты дипломатической защиты физических и юридических лиц: Автореф. дис. канд. юр. наук. Москва, 2000. С. 105
5. Лысенко Д.Л. Проблема правового статуса транснациональных корпораций: международно-правовые аспекты: дис. канд. юрид. наук. М., 2003. С. 148.
6. Резолюция Генеральной Ассамблеи ООН от 6 декабря 2007 г. N 62/79 «Сотрудничество между Организацией Объединенных Наций и Евразийским экономическим сообществом». [Электронный ресурс] // <http://docs.cntd.ru/document/902126379> (дата обращения: 09.11.2017).